



Газет 2014 жылы
Қарағанды облысы әкімінің
«Тіл жанашыры» сыйлығының
лауреаты атанды


Арқа қшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №38(172) 27 қазан 2016 жыл



3▶

**ЖАСТАРДЫҢ
«ЖАСЫЛ ЕЛІ»**



**ЖАСАМПАЗ
ЖАСТАР** 4▶



**«АҚТАСТАҒЫ
АХИКО»** 6▶



**ТЕРРОРИСТІҢ
ТҮРМЕСІ БӨЛЕК
БОЛСЫН!** 9▶



10▶

БАҚЫТЖАН АЛДИЯР

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

ДАУДЫҢ БАСЫ - МАҚАЛА

Теміртауда жергілікті басылым мен коммунальдық шаруашылық басшылары арасында өршіген дау сотқа жетті. Даудың басы 2016 жыл шілде айының 15 күні «Теміртауский рабочий» газетінде жарық көрген «Рэкет по-темиртауский: «Окжетпес-Т» взимает коммунальные платежи незаконно» мақаласынан басталған. «Оқжетпес – Т» ЖШС басшылығы, журналистер осы мақаланы жариялау арқылы мекеменің беделіне нұқсан келтірді дейді.

«Басылым иелері айғақсыз материалды жарыққа шығару арқылы, заңды тұлға болып табылатын «Оқжетпес-Т» ЖШС беделіне нұқсан келтіріп, қала тұрғындарының аталмыш мекеменің жұмысына деген сенімсіздігін оятты» делінген олардың сотқа жазған шағымында. Шенеуніктер газет редакциясынан аталмыш мақаланы жоққа шығарып, өздерінен жария түрде кешірім сұрауды талап етуде. Алайда журналистер қауымы өз істерінің ақтығына сенімді. Олар жасамаған «күнәсі» үшін кешірім сұрамайтынын мәлімдеді. Енді екі жақты бітімге келтіру мәселесі соттың күзіретіне берілген.

«Теміртауский рабочий» газетінің журналисі Олег Гусевтің мәлімдеуінше, сот барысында редакцияны танымал заңгер әрі спортшы Сергей Николаевич Тымченко қорғайды.

Қазан айының 13 күні аталмыш іс бойынша соталды

тындау өткізілген. Екі тарап бетпе-бет келіп, арызданушы жақтың шағымы оқылады және талаптары қойылады. Өз кезегінде «Оқжетпес-Т» ЖШС сот отырысына қалалық әкімдіктің, ОТКШ өкілдері, монополияға қарсы ведомства өкілі қатысуын талап еткен. Олардың бұл талабын сот төрағасы қабыл алады. Газет редакциясы қарсылық білдірмейді, тек соттың ашық өтіп, БАҚ құралдарының қатысуына мүрсат берілуін ғана сарайды. Алайда бұл талаптың орындалуына шенеуніктер түбегейлі қарсылық танытқан. Журналистер қауымының өріпестеріне бұрып, шенеуніктерді жығып беруі де мүмкін ғой. Тұрғын үй коммунальдық шаруашылық мекемесінің басшылары осыдан үрейленсе керек. Әйтсе де, бұл сот отырысы қылмыстық іс емес, әрі мұнда мемлекеттік және коммерциялық құпиялар ашылмайды, ешкімнің жеке басына

қатысты мәселе көтерілмейді. Бұл заңды тұлғалардың арасында өтетін ар соты, әрі талқыланып отырған дүние қала халқының әлеуметтік ахуалына тікелей қатысты. Олай болса БАҚ өкілдерінің қатысуына ешкім кедергі келтіре алмайды. Заң да журналистер жағында болып отыр.

«Сот отырысына қалалық, облыстық және республикалық газет-журналдар мен телеарна өкілдерінің көптеп қатысатындығына кепіл боламын. Өріпестерімді бізді қолдауға, мәселенің ақ-қарасын бірге анықтауға шақырамын. Екінші соталды тыңдалым қазан айының 26 күні өтеді. Барлық жайды хабарлап отырмын» деп жазады Олег Гусев өзінің жеке парақшасында. Сондай-ақ, алдағы таңда мемлекеттік мекеме төңірегіндегі айтылмаған былықтар туралы да мәлімет ұсынуға дайын екенін білдіруде ■

«ДАРЫН» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Қарағанды қаласы әкімінің қалалық «Дарын» жастар сыйлығы (мұнан әрі – сыйлық) жастар қозғалысының дамуын ынталандыру, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында табысталады.

2. Сыйлық – кәсіптік салада жоғары көрсеткіштері бар және қоғамдық қызметке белсенді қатысатын жас азаматтарды қолдаудың қосымша шарасы.

3. Сыйлық ғылыми, шығармашылық, кәсіптік және қоғамдық елеулі еңбегі үшін жастар арасында келесі аталымдар бойынша танылған 14 пен 29 жас аралығындағы азаматтарға табысталады:

- «Жылдың жас көшбасшысы»;
- «Жылдың жас ұстазы»;
- «Жылдың жас спортшысы»;
- «Жылдың жас дәрігері»;
- «Жылдың жас жұмыскері»;
- «Жылдың жас журналисі».

4. Алдыңғы жылғы лауреаттар қайта ұсынылмайды. «Дарын» сыйлығының үміткері бір ғана аталымға ұсынылады.

5. Конкурсқа құжаттарды қабылдау, сұрыптау, сыйлыққа ұсыну туралы талқылау және қабылданған шешімді Қарағанды қаласы әкімінің қалалық «Дарын» жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссия іске асырады (мұнан әрі – комиссия).

6. Үміткерлерді Қарағанды қаласының жастар қоғамдық бірлестіктері, ұйымдар мен мекемелер, шығармашылық және кәсіби одақтар, жергілікті және басқа да мемлекеттік мекемелер таныстырады.

7. Сыйлық (жүз мың теңге көлемінде) салтанатты түрде тапсырылады және марапаттау салтанаты Қарағанды қаласы әкімінің жастармен кездесуіне орайластырылады.

8. Комиссияның міндеттері:

1) үміткерлердің құжаттарын қабылдау және марапаттау салтанатын алдын ала ұйымдастыру, сыйлыққа ұсынылатын үміткерлерді іріктеу;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру/бермеу, ұсынған автор мен ұйымның атауын көрсетіп, рұқсат етілген жұмыстардың тізімін баспаға жариялау;

3) конкурсқа жіберілген жұмыстардың ашық түрде талқылануын ұйымдастыру;

4) сыйлық беру туралы шешім қабылдау;

5) сыйлық лауреатының дипломын ресімдеу.

9. Комиссияға сыйлыққа ұсынылатын үміткерлерді алдын ала қарастыратын сараптама топтары мен секцияларды ұйымдастыру құқығы беріледі.

10. Сыйлыққа ұсынылатын жұмыстар мен үміткерлерді комиссия екі кезеңде қарастырады:

1-кезеңде іріктеуге ашық түрде дауыс беріледі және көпшілігі комиссия мүшелерінің даусы болады;

2-кезеңде сыйлық ұсыну туралы шешім қабылданады. Сыйлық ұсынылатын үміткер отырысқа қатысушылардың кем дегенде даусын иеленуі керек.

Комиссия мүшелері әр аталымның жеңімпазын анықтау үшін үміткерден қосымша мәлімет сұрауға құқылы.

11. Комиссия мен секциялар жұмыс істеу үшін толық құрамының кем дегенде 2/3 қатысады. Егер сыйлыққа комиссия мүшесі ұсынылған болса, секция жұмыстары мен отырыстарына қатыспайды.

12. Комиссия әр аталым бойынша 3



үміткерді анықтап, комиссия мүшелері ашық дауыс беру арқылы соның арасынан сыйлық иегерін және анықтайды. Комиссияның шешімі хаттамаға енгізіліп, қала әкімінің бекітуіне жіберіледі. Комиссияның сыйлық ұсыну туралы шешімі Қарағанды қаласының әкімі бекіткеннен кейін ғана күшіне енеді.

13. Қала әкімінің сыйлығына үміткерді іріктеу белгілері:

«ЖЫЛДЫҢ ЖАС КӨШБАСШЫСЫ»

Әлеуметтік-қайырымдылық сипаттағы қоғамдық ұйымның белсенділері (оқудағы жетістіктері, қоғамдағы қызметтері, мәдениетте, спортта, әлеуметтік-маңызды және ауқымды саяси шараларға қатысу, табысты жобаларды іске асыру, оларды өткізуде әлеуметтік нәтижеге жету, жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау (мұнан әрі – БАҚ), ұйымдастырушылық, көшбасшылық қасиеттері);

«ЖЫЛДЫҢ ЖАС ҰСТАЗЫ»

Қаламыздағы жалпы білім беретін мектеп, лицей және колледждердің мұғалімдері (кәсіби жетістіктері, жаңашыл зерттеу жұмыстары, жаңа технологияларды қолдану немесе енгізу, жарияланымдар, азаматтық белсенді көзқарас, қоғамдық пайдалы қызмет);

«ЖЫЛДЫҢ ЖАС СПОРТШЫСЫ»

Спорт саласы бойынша халықаралық, аймақтық (аймақаралық) конкурстардың жеңімпаздары, жас спортшылар (оқушылар спартакиадасы, жұмыс жасайтын жастар, сонымен қатар универсиада, чемпионат және халықаралық, олимпиадалық ойындарға қатысқандар);

«ЖЫЛДЫҢ ЖАС ДӘРІГЕРІ»

Қаланың жас дәрігерлері (кәсіби табыстар, медицинаға жаңашылдық енгізу немесе жаңа технологияны тәжірибеде жүзеге асыру, ғылыми жұмыс пен жарияланым барысы, белсенді азаматтың қоғамдық пайдалы қызметі);

«ЖЫЛДЫҢ ЖАС ЖҰМЫСКЕРІ»

Өнеркәсіп саласының қызметкерлері (слесарь, машинист, механизатор, қырнаушы, вальцовщик шахтер, металлург және т.б., өз саласының дамуына қосқан үлесі, азаматтық белсенді көзқарасы, қоғамдық пайдалы жұмысы);

«ЖЫЛДЫҢ ЖАС ЖУРНАЛИСІ»

Бұқаралық ақпарат құралдарының және масс-медиа саласының жас қызметкерлері.

Талаптар:

– күнтізбелік жыл көлемінде БАҚ-та

жарияланым болуы;

– телеарналарда (сюжеттерінің) болуы;

– материалдарда көтерілген проблемалардың маңыздылығы, өзектілігі;

– конкурсқа ұсынылған материалдардың сапалық деңгейі;

– журналистік белгілі конкурстарға, форумдарға қатысуы;

– жеке көзқарасы және белсенді азаматтық ұстанымы.

14. Конкурстың өтінімді ресімдеу талаптары:

Өтінім беру өтінім иесінің нақты шарттары мен талаптары бар конкурсқа қатысуға келісім бергендігін білдіреді.

Үміткердің конкурсқа қатысу үшін берген өтінімі бірінші басшының қолы қойылып, мөрі басылған растау хатымен бірге тапсырылады (заңды тұлғалар үшін).

Арнайы талаптар сақталмаса, конкурсқа қатысу үшін берілген өтінім қабылданбайды.

Конкурсқа қажетті құжаттар:

– түйіндеме (электрондық нұсқада);

– қазақстандық және үкіметтік емес мекеменің, мемлекеттік орган және мекеме, бизнес-құрылым, басқа да мекеменің үміткердің атына берілген мінездеме хаты (электрондық нұсқада);

– 5 фотосурет: біреуі құжат үшін стандартты (3x4), екеуі «жұмыс барысында» атауымен, екеуі «бос уақытында» атауымен. Фотосуреттер электрондық нұсқада, JPEG түрінде, 3000*2000 пиксель көлемінде ұсынылуы керек;

– «Мен неге «Дарын» сыйлығына лайықпын?» тақырыбында эссе жазуы керек. Көлемі 1 беттен аспауы тиіс, MSWord мәтінінде теріліп (қарібі TimesNewRoman, 14 кегль, жоларалық интервалы 1,5), қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Сонымен қатар лайықтылығын дәлелдейтін айғақтар (мақтау қағазы, диплом, сертификат, лицензия және патенттерінің көшірмесі, электрондық нұсқада фото және видеомәліметтер, БАҚ беттеріне немесе теледидарларда көрсетілген ақпараттар (мақаланың қимасы, газет-журналдардан жазба және олардың көшірмесі электрондық нұсқада) тапсырылады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім 2016 жылдың 20 қарашасына дейін мына электрондық мекенжайға жолданады: umitzhan7@mail.ru.

Байланыс телефондары: тел./факс: 56-61-84, 8775-785-11-85 (WhatsApp).

E-mail: umitzhan7@mail.ru ■

ЖАСТАРДЫҢ «ЖАСЫЛ ЕЛІ»

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен 2005 жылы «Жасыл Ел» жастар еңбегі жасақтары және құрылыс жасақтары құрылған еді.

Дәстүр бойынша осы аптада Қарағанды облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен Студенттік құрылыс және «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының еңбек маусымының салтанатты жабылу рәсімі өткізілді.

Шараға Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы М.Ж.Құттыбай қатысып, сарбаздарды маусымның аяқталуымен құттықтады.

СҚЖ және «Жасыл Ел» жасақтарының басты мақсаты – оқушы жастарды уақытша жұмыспен қамту, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қазақстандық патриотизмді насихаттау және дамыту.

Студенттік құрылыс жасақтарының қорытындысы бойынша, осы маусымда 600 азамат жұмыспен қамтылды. Құрылыс сарбаздары «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту» бағдарламасы жұмыстарына белсене қатысып, үлестерін қосты.



«Жасыл Ел» жасақтарынан 900 адам қатысты. Олар аудандар мен қалалардағы саябақтар, демалыс орындарын көгалдандыру жұмыстарымен, суқоймаларды тазартумен айналысты. Жұмыс жасалған аймақ ауданы 380 га. Экологиялық жасақтар құрылып, олардың күшімен 5 мың ағаш егіліп, ірі 3 науқан ұйымдастырылды.

Жабылу салтанатына облыстың аудандары мен қалаларынан делегаттар қатысты.

Шара барысында белсенді жұмыс атқарған сарбаздар арнайы дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды ■

БІЛГЕНІҢ АБЗАЛ



18 қазанда Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы «Бәрі білуі тиіс» жобасы аясында Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің №1 корпус студенттері үшін «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ және Қарағанды қаласының жұмыспен қамту орталығы өкілдерінің қатысуымен ақпараттық акция өткізілген болатын.

Студенттер мамандар тарапынан тұрғын үй саласындағы мемлекеттік басты бағдарламалар (Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасы, «Нұрлы жол» және т.б.), бизнесті жүргізу (Жас кәсіпкерлікті қолдау, Жас кәсіпкерлер мектебі және т.б.), сондай-ақ жұмысқа орналастыру сияқты ақпарат алды ■

ЫНТЫМАҚ — ЕЛДІКТІҢ БАСЫ

17 қазанда «Достар Әлем» қонақүйінде «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің «Қарағанды қаласының тұрғындары арасында діни экстремизмді болдырмау және алдын алу жөнінде іс-шаралар жүргізу» жобасын жүзеге асыру аясында рухани келісім күніне арналған «Этникааралық және конфессияаралық келісімдегі қазіргі Қазақстанның үлгісін қалыптастырудағы әр түрлі конфессиялардың толеранттық өзара әрекетінің тарихи рөлі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Шараға қатысушылар Қазақстандағы этникааралық және конфессияаралық қарым-қатынасты, білім, мәдениет, саясат және діни мәселелерді талқылады.

Шараға мемлекеттік ұйымдардың



төрағалары және дінбасылары, оқытушылар, сонымен қатар Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ магистранттары қатысты ■

Мәсәле

ЖЕТІМДІ ЖЕБЕГЕНІ ОСЫ МА?


Қарағанды облысында жетімдер үйінің түлектері «едені сыз тартқан, қабырғалары көгерген пәтерлерде тұрып келеміз» деп наразылық танытты. «Осыдан екі жыл бұрын Абай қаласының әкімі берген үйлерден балалар түгілі, дымқыл төсекте ұйықтайтын өзіміз де түрлі ауруға шалдығып жатырмыз» деп ашулы. Ал жергілікті билік өкілдері кемшілігі көп тұрғын үйдің сапасыз тұрғызылғанын жақсы білетіндерін айтады.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша берілген 24 пәтерге көпбалалы отбасылар мен жетімдер үйінің түлектері қоныстанған. Шенеуніктер бюджет ақшасын желге ұшырған құрылысшылардың кінәсі сотта дәлелденсе ғана тұрғын үйдің қайта жөндеуден өткізілетінін айтып отыр. Өйткені компания үш жыл көлеміндегі кепілдік мерзімі аясында қалыпқа келтіруі тиіс. Дегенмен аталған мерзімнің екі жылы өтіп кеткен екен. Сондықтан халық жөндеуді «ақыры өзіміз жасаймыз ба?» деп алаңдайды.

28 миллион теңгеге бой көтерген көпқабатты тұрғын үйдің қолданысқа берілгеніне небәрі екі жыл болыпты. «Бірақ нысанды «су жаңа» деп айтуға аузың бармайды» дейді тұрғындар. Өйткені құрылысшылардың жіберген олқылықтары сырт көзге анық байқалады. Сылақтары түскен үйдің, тіпті, кірпіштері көрініп қалыпты ■

АЛЕКСАНДРА ТРОДНА, жетімдер үйінің түлегі:

– Балаларым 3-4 рет ауруханаға жатып шықты. Киімдеріміз, төсегіміздің бәрі иістеніп кеткен. Бұндай жағдайда өмір сүру мүмкін емес.



ЕРҒАЛИ КИСРАУНОВ, Абай қаласының әкімі:

– Тендерді ұтқан мердігер компания өкілдері тұрғын үйдің төбесін жөндеуде сапасыз құрылыс материалдарын қолданған. Қазір біз осыған қатысты компанияның үстінен шағым түсірдік. Алғашқы сотта жеңіліп қалғанбыз.

Мінбер

АЙЫПТАЛҒАН — АЙЫПТЫ ЕМЕС

Осакаровка ауданының сайтандар туралы өлең жазып, басы бәлеге қалған прокуроры Берік Ахметжановқа қатысты іс тоқтатылды. Қызметтік тексеріс барысында бұл шығармасының заңға қайшы келмейтіні анықталған.

«Қызметтік тексеріс нәтижесі Берік Ахметжановтың мінез-құлқы мемлекеттік қызметшінің әдеп нормаларына сай келетінін көрсетті. Ол интернетке өз роликті орналастыра отырып, заңға қайшы әрекет жасаған жоқ. Филологиялық сараптама қорытындысы бойынша, автордың өлеңінде тіл тигізу, бүлік шығаруға қатысты ештеңе жоқ», — дейді Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету басқармасы Бас прокурорының аға көмекшісі Болатқан Нұрышкенов.


Оның үстіне, Берік Ахметжанов әлеуметтік желіде жарияланған өлеңді прокурор киімінде емес, азаматтық киімде



түсірген. Оның қызметтік лауазымы туралы тек жақын әріптестері мен туыстары ғана білген. Ал бұл — оның жеке өмірі, яғни қызметіне зиян келтірмейді. Сондықтан қызметтік тексеру нәтижесінде айып тағатын белгілер табылған жоқ, Ахметжанов еңбек жолын жалғастыруда ■

Қылмыс

ТҮРМЕДЕГІ КАЗИНО



Қарағанды облысында түрме ішінен казино ашып, мемлекеттік мекемені бизнеске айналдырғандар құрықталды. Бұл бизнестің басында аталмыш колонияда жазасын өтеп жатқан қылмыс әлемінің «серкесі» тұрған екен.

«Сот үкімімен А. есімді сотталушының қылмыс жасағаны расталып, оның мүлкі тәркіленіп, 11 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру жөнінде жаза тағайындалды», — деп хабарлады Қазыбек би аудандық сотының баспасөз қызметі.

Сондай-ақ хабарламада сотталған азаматтың ерекше қауіпті рецидивист екені айтылған.

Осы іске қатысты материалдардың мәліметтері бойынша, түрмедегілерге

«бақылаушы» болып жүрген А. Қарағанды облысының Қаражал қаласы Қылмыстық атқару департаментіне қарасты АҚ-159/22 мекемесінде казино ұйымдастырған. Бұл қылмыстық әрекетті бір топ адам қаржыландырып отырған. Ал ұры-қарылардың ортақ «қоржындары» осы казинода ұтылған сотталғандардың және олардың таныстарының қаржыларымен толығып отырған.

Тергеу мәліметтері бойынша, колонияда ұйымдастырылған казиноның айналымында миллиондаған қаржы болған. Казино 2012 жылдың сәуірінен 2013 жылға дейін жұмыс істеп келген. Бұл жерде қаржы сақтау және бөлу шаралары да ұйымдастырылған. Кірістер қылмыс әлеміндегі беделді тұлғалардың есепшоттарына аударылып отырған. Мемлекеттік айыптаушылардың қорытындылары бойынша, осындай тәсіл арқылы трансұлттық қылмыстық қоғамдастық қаржыландырылып отырған.

Құқық қорғау органы өкілдеріне бұл әрекет жөнінде арнайы дереккөздерден белгілі болды. Бұдан соң осы іске қатысты азаматтардың барлығы анықталып, заттай деректер тәркіленді. Сот үкімі әлі күшіне енген жоқ ■

Шырғалаң

ХАЛЫҚТЫ АЛДАҒАН ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Қарағандыда қаржы пирамидасына қатысты іс жаңа сипат алды. Тұрғындардың жаппай наразылық танытқанына қарамастан, құқық қорғау органдарының қызметкерлері «ФинансОпто групп» ЖШС-на қатысты тергеу амалдарын жалғастыруда. Әрі қаржы пирамидасын құрды, алаяқтық жасады деген күдікпен аталмыш компанияның басшысын тұтқындады.

Газетіміздің өткен санында қарағандылықтар мен теміртаулықтардың жергілікті прокуратураны қоршап, ереуілге шыққанын хабарлаған болатынбыз. Олар қаржыларының қайтпай қалуынан қорқып, істі тоқтатуды сұраған. Өйткені кей салымшы жеңіл жолмен ақша табу мақсатында миллиондаған теңге несие алып, аталмыш фирманың шотына аударған екен. Ұйым өкілдері тұрғындармен бірге қызмет етеміз және мол көлемде кіріс табасыздар деген желеумен азаматтардың қаржыларын жымқырған.




Алайда олардың былығы ашылып қалды.

Қарағанды қаласы Октябрь аудандық соты 2016 жылдың 18 қазаны күні аталмыш компания басшысы Елена Колесникованы екі айға тұтқындау туралы қаулы шығарды. Тергеу амалдары жалғасуда ■

Бәрекелді!

ЖАСАМПАЗ ЖАСТАР



Қарағандылық студенттер 3D принтерін жасап шықты. Жас ғалымдар осы заманауи құрылғының көмегімен инновациялық жобаларын іске асырмақ. Олардың бұл өнертабыстары америкалық баламадан жеті есе арзан тұрады.

«Біздің орталықта студенттер ойлап тапқан заманауи құрылғылар көп. Бізде автоматтандырылған қойма бар, онда толық контроллер арқылы жұмыс жасауға болады. Жүк тасымалдайтын лифт бар. Қазіргі өндіріс ошақтарында барлық жүйе автоматтандырылған, сондықтан бұл ойлап тапқан құрылғыларды патенттеп

алуды көздеп отырмыз», — дейді политехникалық колледж директорының ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Рамазан Қалиев.

Қарағанды политехникалық колледжінің IT орталығына барлық студент қатыса алады. Олар мұнда бағдарлама жазумен айналысып жүр. Бұл реттеуші тетіктер кәсіпорындарда өндірісті автоматтандыру үшін ауадай қажет. Сондай-ақ бұл құрылғылар арқылы ақылды баспананы басқаруға да болады. Қазір политехникалық колледжде 16 мамандық бойынша 5 мың студент білім алуда ■

Билік

ДҮЙСЕБАЕВ ДЕГЕН ЕКЕН...



Ұңқыр-шұңқыр жолдарға гүл егіп, жолдың нашарлығына наразылық білдірген теміртаулық тұрғындар үшін қуанышты жаңалық мәлім болды. Алдағы жылы қаладағы жолдар толық жаңартылады. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Асылбек Дүйсебаев 2017 жылды металлургия қаласы үшін жолдар жылы қылу бастамасын көтеріп отыр.

2017 жылы Теміртауда жол жөндеудің ауқымды жұмыстарын жүргізу, яғни көлемін 7 есеге арттыру жоспарланған. Дүйсебаев бір апта мерзімде сметалар мен жөндеу маусымы кезіндегі мердігер ұйымдардың жұмыс істеу мүмкіндіктерін ескеріп, егжей-тегжейлі сараптама жүргізуді тапсырды.

Өнеркәсіптік кәсіпорындармен бірге «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы аясында автомобиль жолдарын жөндеу мәселесі қарастырылады.

Сараптама қорытындысы бойынша 2017 жылы Теміртау тасжолдарын жөндеуге қатысты қосымша қаржыландыру мәселесі қарастырылады.

Сонымен қатар облыс әкімінің бірінші орынбасары келесі жылы металлургия қаласында жүзеге асыру көзделген жобаларды уақытында жүзеге асыру бойынша бірқатар тапсырма жүктеді.

Билік ақпаратынша, 2016 жылы Теміртауда автожолдың 3 шақырымы ғана жөнделген. Соңғы 5 жылда қалалық трассаның 5-6 шақырымнан өзге аумағы қалпына келтірілмеген ■

Бетті әзірлеген: Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

ТОҚАШ – ТЕНТЕК АҚЫН

Өмірі қандай болса, өлеңі де сондай. Тіпті, өлеңдерінде өз өмірін ешбір бояусыз, шынайы суреттеді. Өз заманында өзгелерден ерекшеленіп тұратын, қалыпқа сыймай өткен ақындардың бірі – Тоқаш Бердияров.

БАЛА ТОҚАШ

Тоқаш Бердияровтың азан шақырып қойылған есімі Торқысбек екен. 1925 жылы 19 қыркүйекте қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Сарыағаш ауданының Келес өңіріндегі Ұшқын елді мекенінде дүниесігін ашыпты. «Ол жетімдікті көп көрген, бес жасынан Ташкенттегі №6 балалар қабылдау үйінде және №23 қазақ балалар үйінде тәрбиеленген», – деп жазады тоқаштанушы Әбдісаттар Әліпұлы. «Жиыrmасыншы ғасырдың отызыншы жылдарының басында ауылымыздың қасындағы Ташкент қаласын паналадық. Сендей соғылысқан жетімектермен бірге мен де детдомдық «пропискаға» іліктім. Ақ көйлек, ақ кереует, ақ бөлке нан...» – деп қиын кезді еске алады Тоқаш ақынның өзі.

Туған еліне қайта оралған ол еңбекке де ерте араласыпты: 13 жасынан ұжымдық шаруашылық жұмыстарында болыпты, мақта алқабы мен қырманда тәбілші болып еңбек етеді. Бұл туралы ақынның өзі: «Жетімдікті мендей көрген бала ілуде біреу болар. Алты жасымда мектепке бардым. Есеп шығаруда, өлең жаттауда ешкімге дес бермедім. Үшінші сыныпты аттап өтіп, 13 жасымда ауылдағы орталау мектепті үздік бағамен бітіріп шықтым. Іле-шала ұжымшардың есепшотына, ауылдық кеңестің хатшылық жұмысына араласып кеттім», – депті.

САРВАЗ ТОҚАШ

Тоқаш Бердияров он алты жасында жасын әдейі ұлғайтып көрсетіп, сұм соғысқа сұранып аттаныпты. «Соғыс аяқталған соң да, әскер қатарында қалып, тағы төрт жыл Балтық флотында қызмет атқарғанын біреу білсе, біреу білмейді», – деп жазады «Көке» кітабының авторы Болат Шарахымбай.

Ол кезде КСРО-ның әскери-теңіз флотына азиат нәсілдерден әскер таңдау – өте сирек жағдай. Бұл – азиат тектес халықтарды техника тіліне жолатпаудың салдарынан туындаған саясат болса керек. Автор ақынның естелігіне сүйене отырып, сұңгуір қайықта қызмет еткен жалғыз қазақ Тоқаш болғанын мысалға келтіреді. Жер бетінде жүруі сирек, апталап, айлап су түбінде болатын қайықшылар арасында Тоқаштың үстемдікке жаны қас болғаны, әділетсіздікке қаны қарайып, әлсізге қашан да қорған болып үйренген басы талай мәрте шекісіп тұрғанға ұқсайды. Мұны Тоқаш ақынның туа бітті мінезі дегенге саяды. Өлбетте, әскери өмірдің мінезді шыңдауға, принципті қалыптауға тигізер пайдасы мол. Кітап авторы Б.Шарахымбай: «Сондай-ақ әскерде ұлттық тұрғыдан бөлініп, кімнің кім екенін дәлелдеу мәселесі де күн

тәртібінен еш түскен емес. Тоқаш кей-кейде басқа ұлт өкілдерінің өзіне менсінбей, төбеден шірене қарайтынын іштей біліп жүрді. Соған қарадай жыны келетін. Бірақ мойнын ішіне тығып алып, қаршығадай түйіліп жүретін шынашақтай қазақтың қайсарлығы мен шақар мінезінен қаймыға ма екен, әйтеуір, Тоқаңа тиісуге көп бата бермепті», – деп жазады.

Соғыс біткен кезде, немістің Ильменау қаласының гауптвахтасына түскен Тоқаш Бердияровты сол қаланың әскери коменданты, кейін қазақтың қабырғалы қаламгерлерінің бірі болған Қалмұқан Исабай шығарып алған екен. Бұл оқиға Украинада жүрген жерінен қазақтың даңқты батыры әрі жазушы Қасым Қайсеновтің елге оралуына ықпал еткен белгілі ақын, партизан Жұмағали Саинның көмегіне көп ұқсайды. Өлемнің қай түкпірінде жүрсе де, біріне-бірі қорған болған қайран ағалар-ай дейсіз.

ТЕНТЕК ТОҚАШ

Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек аға Есдәулеттің «Өбілхаят» атты естеліктер жинағы бар. Сонда автор «Тентек Тоқаш» атты бөлімінде өзі көрген, білген, таныған Тоқаш ақынның келбетін, кісілік болмысын, пенделік тірліктерін жан-жақты ашады.

Өлеңдері кітап болып толық басылмай, қоғамнан, әдеби ортадан өбден запы болған ақынның алғашқы кітабына редакторлыққа бекиді. Кітапты қарап, тиісті жерге өткізген соң, арада уақыт жылжып кеткен. Тоқаш ақын кітабының жайын білгісі келіп, бір жағынан, қысқан ашу-ыза бар, екіншіден, өзінің туабітті тентек мінезі, кабинетте отырған көрнекті ақын Сағи Жиенбаевтан бастап, сатирик Шона Смаханұлын, ақыр соңында шығып бара жатып редакторы Ұлықбек Есдәулетті шешеден боқтап кетеді. Шығыста шешеден боқтау мүлде жат, ақын інісі мұндай сөзді көтере алмай, ағасын тасалау жерге апарып, тиісті жазасын бермей ме... Содан кейін мән-жайға анық қанған соң, редактор бауырынан кешірім сұрап, айыбын жуады. Бұл – Тоқаш ақынның тентек мінезінің ұшқындарын көрсететін мың мысалдың бірі ғана.

Тағы бір естелігінде Ұ.Есдәулет Тоқаштың Әнуарбек Дүйсенбиевтің қасына барып, қарадан-қарап тұрткенін, бір емес, бірнеше мәрте солай қайталағанын жазады. «Байқағаным: топыдай ғана Тоқаш аға өзінен әлденеше есе биік, таудай денелі Әнекеңнің жағасынан сол қолымен бойы жеткенше жымқыра ұстап, оң қолымен әлі жеткенше бірнеше қайтара ұрып-ұрып жіберді. Қимылы өте шапшаң екен, Әнекеңнің шықшытына бес-алты соққы бірінен соң бірі жауып кетті. Бірақ оған алпамсадай Әнекең былқ еткен жоқ. Тіпті, шыбын шаққан құрлы көрмей, жоғарыдан маңқия қарап тұрды да, оң қолының жұдырығымен Тоқаңның иек тұсынан бір көміп жіберді. Тоқаң анадай жерге ұшып барып, төлтіректеп, құламай қалды», – дейді. Ұ-шу, абыр-сабыр басылған соң, бәрі Ә.Дүйсенбиевтен: «Не боп қалды?» – деп сұраса, ол кісі: «Итім біліп пе?» – деп жауап беріп, иығын қиқаңдатыпты.

ДОС ТОҚАШ

Мінезі тік, бетің бар, жүзің бар демей айтып салатын өткір, десе де, жанары жасаурап тұратын ақын Тоқаштың достары аса көп болмаған. Өзінің тентектігіне сай Мұқағалидай алыппен достығы ұрпаққа аңыз болып жетеді. Көзін көрген замандастардың айтуынша, қос ақынның мінездері ғана емес, өмір туралы көзқарастары мен қоғамдық ойлары, әсіресе поэзиялық мұраттастығы қатты ұқсайды. Мұқағалидың өзінен он жастай үлкен ағасын пана көріп, арқа тұтатын кездері де аз болмапты.

Ақынның ақынға сүйсінетін жері, Мақатаев айтқандай, «Ақынның ақындығы – арда ғана». Ақиқат үшін өлең жазатын, шындықты ту етіп өмір сүретін, жасырып-жабары жоқ, тура жүріп, кесіп айтатын ақынға Мұқаңның еріп жүруі оның ешкімге ұқсамайтын біртуар қалпын жақсы көргендіктен болар, сірә.

БОС ТОҚАШ

Тентектігі бір басына жетіп артылатын ақынның алғашқы жылдары жұмысы жөндемді бола қоймаған. Алқалап шақыратын ағасы жоқ, «аспаныңды тастап жібер» деп кергитіндей тіреуі жоқ ол көбіне кітабының қаламақысымен қолын ұзартқан. Жоғарыда келтірген Ұлықбек Есдәулеттің естелігінде жан сырын былайша ақтарыпты: «Өмірімде қиқаланбаған, ойдағыдай бір дұрыс кітабым шығатын болды ғой деп үміттеніп жүр едім. Өз арқаңда. Авансы неше ай бұрын жұмсалып кеткен. Кітабым биыл шықса, қалған қаламақысы да қолыма биыл тимек еді. Алпыс проценті. Әжептәуір ақша. Айлығы жоқ адамға қаламақыдан басқа не керек? Биыл шығуға тиісті кітабыңды келесі жылға ысыратындай мен кімге не жаздым?».

«Бос Тоқаш» деуіміздің мәні басқаша: өз еркіндігі өзінде, қолынан келсе, қылып алатын ақынның жаратылысына үңіліп көру болатын. Көше кезген, тұрақты жұмысы жоқ, сыбай-салтаң ретінде көру бізге жат, керісінше, осындай жағдайда жүріп ерік-жігерін еркіндігіне билетіп, қолындағы қаламақыдан түскен қаржысын ауылындағы жолға, асфальт төсеуге жұмсап жіберген сақилығын айтпақшымыз. Мұндай жомарттықты еркін, бос адамдар ғана жасай алса керек.

АҚЫН ТОҚАШ

Әдебиет өлеміне өз замандастарынан кеш келсе де, оның «Шалқы, теңіз» атты тұңғыш жыр жинағы 1952 жылы жарық көрген. Дәл сол жылы қазақ поэзиясының нарқасқасы Қасым Аманжолов құрастырған «Жастық жыры» деп аталған ұжымдық жинаққа енген 23 ақынның арасында Тоқаш Бердияровтың өлеңдері де бар болатын.

Тоқаш Бердияров – әдеби қауымның аса талғампаз қауымының ой елегінен өтіп, өзінің лайықты бағасын алған ақын. Оның өлеңдеріндегі жаңашылдықты «жыл келгендей жаңалық сезілген» 1952 жылдары-ақ ұлы ұстаз Мұхтар Әуезов жоғары бағалаған.

Сондай-ақ сыншы Төкен Әлімқұлов «Жұмбақ жан» еңбегінде: «Өлеңнің тосын түрлерін тұрақтатарлық ізденістер Абайдың бүгінгі



ұрпақтарынан азды-көпті бой көрсетіп жүр... Сырбай Мәуленов, Мұқағали Мақатаев, Тоқаш Бердияровтың кейбір форма жаңалығы туған поэзиямыздың табиғатына жат емес», – деген.

Тоқаштың ақындығы жайында Қадыр Мырза Әли өзінің «Иірім» атты естелік кітабындағы мына бір детальды айтпай кетуге болмас, онда:

«...Бір жылдары (1961 жылы) өзі ақын, өзі қайсар партизан, ешқашан да ешкімнен қаймықпаған Жұмағали Саин «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактор болып келді. Келген бойда қызметкерлерін шақырып, жиналыс өткізеді.

– Сен кімсің? – дейді Жүмекең біреуіне.

– Мен пәленшемін! – дейді ол байғұс.

– Ондай ақынды не жазушыны білмеймін! Ертеңнен бастап боссың! Арызыңды жаза бер! – дейді.

– Сен кімсің?

– Мен пәленшемін!..

– Ондай ақын, ондай жазушыны естігем жоқ! Сен де боссың! Арызыңды жаза бер!

Жиналыс бітеді. Бүкіл аппараттан Жүмекеңнің білетіні, ұнатқаны жалғыз ғана Тоқаш Бердияров болып шығады.

Көп кешікпей Жұмағали ағамыз қайтыс болды. Сондағы Тоқаш Бердияровтың жылағанын көрсеңіздер!..» – деп жазылған.

АҚЫР ТОҚАШ

Ақын ғұмырының соңы өте өкінішпен аяқталған. Тұтқиылдан тиіп беретін, қырсық та шақар бейнесімен қаламдастарының есінде сақталған ақынның ақыры да тосын болыпты. Тоқаш Бердияровтың өмірін зерттеп жүрген журналист Әбдісаттар Әліпұлының жазуынша, «Алматыдағы демалыс үйлерінің бірінде жазатайым аяғы тайып сүрінген оның қарақұсы тасқа тиіп кетеді. Осылайша 1988 жылғы 29 пілде күні арда азамат, жаужүрек жауынгер, арқалы ақын, Ұлы Отан соғысының ардагері, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер кенеттен қайтыс болған». Тоқаш Бердияров өзінің туып-өскен көрікті өңір – Келесінде мәңгілікке дамыл тапқан ■

Заңғар КӘРІМХАН

«АҚТАСТАҒЫ АХИКО»

Ақтас кентінде жапонның Қазақстандағы соңғы тұтқыны тұрады. Бүгінде 85 жасқа келген қарттың көрмегені жоқ. Соғыс уақытында әскери тұтқын ретінде Қарлағқа жіберілген. Содан бері Қарағанды жерін паналап келеді. Заман түзелген тұста еліне кетуге жол ашылса да, Ақтасты тастап кеткісі келмеген. Оның өмірін Мәдина Омарова сахнаға алып келді.

М.Әуезов театрының 91-маусымының ашылуында сахналанған «Ақтастағы Ахико» драмасы 15 жасында жазықсыз жазаланып, балалық шағын Қарлағ лагерінде өткізген жапон баласы Ахико Тэцуро мен Алаш арыстарының басынан өткерген азапты ғұмырын көрсетеді.

Темір қапастағы азапты өмір жазықсыз жандар үшін тозақ болса, көзіне қан құйылған мейірімсіз әскердің дәурені орнаған мекен болды. Мұнда Ахико Алаш арыстарымен

бірге сол бейнетті бірге көреді. Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев сынды тау тұлғалар мен Сейфолла, Сәдуақастай әкелер бейнесі көрермен өзегін өкінішпен өртей отыра, тағдырға мойымайтын қайсарлықтарымен қуаттандырады.

Залдың бар назарын өзіне аударып, тапжылтпаған сәттің бірі – ел келешегі үшін еуропалық үлгідегі қазақ-орыс мектебін салдырған Ақайдың Қасенінің түзету камерасына түсуі. Иманды ақсақалдың мұндағыларға жігер беруі



үміттерін қанаттандырғандай болады.

Бұл қойылым жапондықтардың көңілінен шықты. Күншығыс елінің

ақпарат құралдары қиын-қыстау заманда көмек берген Қазақ еліне алғыс білдіруде ■

Ағымдағы жыл Қарағанды облысы үшін жеңіл болмады. Аймақта түрлі мал ауруы өрістеп, ауылшаруашылығына айтарлықтай зиян тигізді. Мәселен, жыл басында Қарқаралы ауданындағы Бақты ауылында белгісіз індет тарады. Ауыл тұрғындарының қолындағы ірі қара малдары бірінен соң бірі іші кеуіп қырылып қалды. Одан кейін күйдіргі деген сұмдық шықты. Облыстың әр аймағында қылаң берген бұл індеттің соңы тек мал шығыны ғана емес, адам шығынына да әкеп соқтырды. Оның беті қайтқан тәрізді еді. Енді, міне, құстар қырылып жатыр...



ТАУЫҚ ӨСІРУДІҢ ТАУҚЫМЕТІ

Құстардың жаппай қырылуы туралы дерек Абай ауданына қарасты құс фабрикасында тіркелді. Мұндағы 800 мың тауықтың 16 мың 300-і ауруға шалдыққан. Індеттің тарап кетуінен қорыққан фабрика басшылығы оларды арнайы аппаратпен өлтіруге мәжбүр болған. Сондай-ақ фабрика маңына кірген әр көлік қатаң залалсыздандырылған. Қазір

аталмыш фабрикада өнім шығару мен кіргізуге шектеу қойылған.

Ветеринарлардың сөзінше, тауықтар әуелі жаппай уланған екен. Өлген құстарды сараптамаға жіберген мамандар елді мекенде сальмонеллез жұқпалы ауруының қоздырғышы тарағанын анықтаған.

«Қарағандыда онға жуық құс фабрикасы бар. Оның бәрі жемді бір жерден алмайды. Әр фабрика белгілі бір компаниямен келісімшартқа отырады. Солардың өнімін тұтынады. Індет тараған фабрика Қарағандыдағы «Мелькомбинаттың» өнімін тұтынған. Бұл – осы жылы өндірілген азық. Сальмонеллез ауруы содан туындаған ба деген күмән бар», – дейді Қарағанды облысы бойынша ветеринарлық бақылау комитеті инспекциясының жетекшісі Марат Мұхтаров.

Шенеуніктің айтуынша, бұл індетасақауіпті емес. Өйтседе қазір қажетті дезинфекциялық шаралар қолға алынған. Мұны аудандық ветеринарлық қызмет мамандары жүзеге асырады. Әрі ауру белгісі байқалған кәсіпорын өнімдерін, жағдай толық тұрақталғанша,

нарыққа шығаруға тыйым салынады, фабрика аумағындағы техникалар мен қызметкерлер қатаң бақылауға алынады.

Облыстық ветеринария қызметінің басшысы бұл шаралардың бір ай бойы жалғасатынын айтып отыр. Осы уақыт аралығында сау қалған құстардан түрлі сынама алынады. Егер ауру белгісі байқалмайтын болса, онда нарыққа шығаруға рұқсат беріледі.

Қазір құстардың жаппай қырылуы тоқтаған. Өлген құстар ветеринарлық-санитарлық талаптарға сай жойылған.

Бұл суық хабардың ел арасына кең тарап кеткені соншалық, қазір басқа құс фабрикалары зардап шегіп отыр. Себебі үрейленіп қалған халық құс өнімдерінен жаппай бас тартуда. Ал жауапты мекеме басшылары облыстағы өзге құс фабрикаларындағы жағдайдың тұрақты екенін айтуда. Олардың сөзінше, дүкендерден құс өнімдерін сатып алудан қауіптенуге негіз жоқ. Қазір барлық сауда нүктесіндегі өнімдерге тексеру жүргізілуде ■

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ НҰРА

Жаз бойы толассыз жауған жауын-шашын мөлшері егіс алқаптарына оң ықпалын тигізіп, мол өнім алуға жол ашып отыр. Бұл туралы Қарағанды облысы әкімдігі хабарлады. Ағымдағы жылы аймағымызда соңғы 46 жылда болмаған рекордтық өнім жиналмақ. Қуанышты жайт. Әйтсе де аймақтағы астықты аудандардың бірінде орын алған келеңсіздік салдарынан жүздеген гектар жердегі өнім қар астында қалып қою мүмкін.

«Тарих толқынында алмағайып ғұмыр кешіп, ата-бабасы армандаған азаттықтың ақ таңының жолына түсуді мәңгілік мұраты санаған қазақ халқының ғасырлар тоғысында тәу етер Тәуелсіздікке қолы жеткеніне 16 желтоқсанда 25 жыл болады. Тәуелсіздік ешқашан өздігінен келмейді. Тәуелсіздікті жариялау, оның іргетасын бекіту жолындағы Елбасының жанқиярлық еңбегін біршама білгендіктен, осынау кезеңдердің бөріңде тағдыр сыйлаған мүмкіндіктің арқасында мен осы тұрғыдағы Нұрсұлтан Әбішұлының халық алдындағы парызы мен жауапкершілігін қалай сезінгенін, сол үшін қиналып, толғанғанын, әрбір саяси қадамы мен қоғамдық әрекеттерін он ойланып, жүз толғанып барып қана жүзеге асырғанын әрқашан құрметпен айтамын». Оралбай Әбдікәрімов, мемлекет және қоғам қайраткері.

Елбасының Нұра елімен танысуы өткен ғасырдың 60 жылдары басталған екен. Қарағанды политехникалық институтының студенті бола жүріп, құрылыс отряды құрамында Нұра ауданының жаңадан құрылған Балықтыкөл кеңшарына тұрғын үй салуға келген. Өзінің бойына жасынан адам өмірінің алтын арқауы осы маңдай тер, табан ақы, адал еңбекпен өрілетінін сіңірген жас студенттерді басқарып, ұйымдастырып, еңбекке жұмылдыра білді. Бұл туралы сол кезде осы кеңшардың бас инженері болып қызмет атқарған, қазіргі ардагер, «Құрмет белгісі», «Еңбек қызыл ту», «Халықтар достығы» ордендерінің иегері Қорабай Досжанов былай деп еске алады:

– 1964 жылы Қазақ ССР Үкіметінің «Шәлейт жерлерде қой шаруашылығын дамыту туралы» Қаулысына сәйкес Нұра ауданында екі шаруашылық – Амантау, Балықтыкөл кеңшарлары құрылды. Қой өсіру – қазақ халқының ата кәсібінің бірі ғой. Төрт түлік малдың ішінде жылқы мен қойға ерекше мән берген қазақ халқы қой жаюдың, оны көбейту мен тұқымын асылдандырудың өзіндік әдіс-тәсілдерін қалыптастырған. Мал шаруашылығына қолайлы табиғи ортаның мол болуы, соған орай қыстау, көктеу, жайлау, күзеумен байланысты көшпелі өмір салтының орнығуы – қазақ халқының дәстүрлі қой шаруашылығын берік қалыптастырғандығының айғағы. Үкімет біздің алдымызға қой санын көбейту мақсатын қойды. Ол үшін аналық қойды баптау, оны төлдету науқанын сапалы ұйымдастыру керек еді. Ал еркек тоқтылар қажет салмақ жинасымен ет комбинаттарына өткізілетін. Бөріне де жоғарыдан жоспар жеткізілетін, – деп бастады әңгімесін ардагер.

– Балықтыкөл кеңшарының құрылысына қазіргі Елбасы, ол уақытта Қарағанды политехникалық институтының студенті, студенттік құрылыс отрядының жетекшісі Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысқаны менің өмірімдегі тарихи оқиға болып қала береді. 1964 жылы Н.Назарбаевтың басшылығымен студенттер ауылдағы алғашқы екі пәтерлі төрт тұрғын үйдің қазығын қағып, қиын жағдайға (өздері палаткада тұрды, құрылыс материалдары да тапшы еді) қарамастан Нұрсұлтан Әбішұлының ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында құрылысты аяқтап берді. Бүгінде сол үйдің қабырғасында «Бұл үйді салуға Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан» деген мемориалдық тақта орнатылған. Сонымен қатар олар ауылдың қоғамдық өміріне араласып, жаз бойы жастармен тамаша кештер, әр түрлі пайдалы іс-шаралар ұйымдастырып, ауыл жастарымен қоян-қолтық араласып кетті. Нұрсұлтан Әбішұлы адамдармен қарым-қатынаста өте қарапайым, үлкенге ізет көрсете білетін, өзінің ортасында ашық, жайдары мінезімен есімде қалды. Одан соң да мен ол кісімен бірнеше рет кездестім. Елбасының ерекше қасиеті – бір көрген адамын ұмытпайтын, есте сақтау қабілеті өте жоғары болатын. Кейін Балықтыкөл кеңшарында директор болып



жүргенімде ол кісімен жұмыс барысында кездестім. Ол кісі онда Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы еді. Сөзге келместен менің мәселемді шешіп берді. Кейіннен Елбасы Қарметкомбинатта партком хатшысы болып қызмет еткенде ауылға қамқорлық танытып, шаруашылықты механикаландыруға көп септігін тигізді. Мал фермаларын механикалық қондырғылармен қамтамасыз ету де, оларды қажетті құрал-жабдықтармен қамту да осы Қарметкомбинат арқылы жүзеге асырылды. Біздің қарым-қатынасымыз кейінге дейін үзілген емес. Мен 1976 жылы Қазақстан партия ұйымының XIV съезіне делегат болып барғанымда, осы кісі мені бірден танып, қасыма келіп хал-жағдайды, елдің амандығын сұрады, – деп еске алады Қорекен Елбасымен кездесулерін. Бұл туралы Н.Назарбаевтың өзі «Өділеттің ақ жолы» атты кітабында да келтірген. Кейін Теміртау комбинаты Нұра ауданына шеп болып белгіленді де, олардың арасында тығыз байланыс орнады.

1969 жылы Н.Назарбаев Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Осы кезең комсомол ұйымдарында Назарбаевтың оң бастамашылдығымен ерекшеленеді. «1971 жылы Назарбаев көктемгі егіс жұмыстары кезінде Нұра ауданының кеңшарларына нақты шептік көмек ұйымдастырып, күзгі астық жинауға 200 тракторшы, 320 комбайншы, 300 жүргізуші жасақтайды. Теміртау қаласында 14 оқыту пунктін ұйымдастырылып, ондағы жеделдете оқыту курстарында 610 механизатор даярланады» (Нұрсұлтан Назарбаев. Деловой мир. – Астана, 2013. – 65-бет).

Елбасы туралы Нұраның аптал азаматы, тәуелсіз Қазақстанның іргетасын Елбасымен бірге қаласқан, үзеңгілес болған, мемлекет және қоғам қайраткері, Нұра ауданының құрметті азаматы Оралбай Әбдікәрімов өзінің «Елбасы еліне, елі Елбасына сенеді» атты мақаласында («Егемен Қазақстан» газеті, 2005 жыл 6 желтоқсан) былай деп білдіреді:

«Қашан да тарихи тұлға туралы айту оңай емес. Оның үстіне, ол өзіңмен замандас, уақыттас, сен ғұмыр кешіп отырған қоғамның тізгінін ұстап отырған тұлға болса, ол туралы айту одан әрі қиындай түседі. Жай ғана сырдаң мақтаумен, оның ел тұлға тұтарлық ерекше қасиеттерін сырттай санамалап айта салумен іс бітпейді. Жалпы жұртшылық білетін жағдаяттарды жариялай салу әдетте оңай көрінетіні де рас, алайда айтатының ел тізгінін ұстаған Елбасы хақындағы әңгіме болса, оның жауапкершілігі мен мән-маңызы бірден қиындап шыға келеді. Халқымыздың сан буын ұрпағы армандап, дамылсыз күресіп келген азаттықтың ақ жолы алдымыздан ашылып, Елбасымыз ел тізгінін ұстады. Өзінің біртұтас халқы, нақты шекарасы, ұлттық валютасы, ел қорғау әскері бар, өзге өркениеттер мен мемлекеттер толық мойындаған жаңа тұрпатты Қазақстанды орнықтырудағы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының ерен еңбегін құрметпен айтқан – парыз. Күлтегінің көктасына қашалған өкініш пен арман-мұрат жаңа мыңжылдықтардың тоғысында жүзеге асты, ел еңсесін көтеріп, Еуразияның Ұлы Даласын мекендеген кешегі көшпелілердің бүгінгі ұрпағы өз мемлекетін құрды».

Нұра жерінің көп ұлттың басын қосқан достықтың мекені екенін, мыңғырған мал өрбіп, алтын астық сапырған диқандар өлкесі екенін жақсы білетін Елбасына арнайы кездесуге барған «Құрмет» орденінің

иегері, тың игеру кезінде құрылған «Пржевальское» ЖШС-ның директоры Ықсан Таттыбаев сол бір тарихи кездесуден алған әсерін былай деп жеткізді:

– Бұл 2011 жыл болатын, Елбасының шалғайдағы ауылшаруашылық құрылымдары басшыларымен кездесуі еді. Қатты толқуда болдым, ел Президентінің алдына, жеке қабылдауына бара жатырмын, бұл әрине, үлкен жетістік өрі үлкен жауапкершілік еді мен үшін. Елбасының сұрақтарына қобалжығандықтан жауап бере алмай қаламын ба деген ой да мазалаған жоқ емес. Бірақ Президент мені өте жылы қабылдады және Нұра туралы өте жақсы біледі екен, керісінше маған Нұраның жағдайын егжей-тегжей айтып берді. Ол кісінің сол кезде берген ақыл-кеңестері мен ел болашағын болжауы бүгінгі таңда толық жүзеге асырылып отыр. Оның көрегендігі, ақылы мен парасаттылығы кімді болса да таңдандырарлық.

– Нұра – экономикасы дамыған аудан, қасиетті мекен, Нұрадан талай жақсылар мен жайсаңдар шыққан. Ғасырлар бойы Арқаның қақ төсінде халыққа құтты қоныс болып, мекендеген елді байлыққа да, молшылыққа да бөлеп келген Нұра өзенінің бойы – Сарыарқаның ең шұрайлы жерлерінің бірі. Жаз айларының аптап ыстығында бұрынғы сұлулардың шолпысындай сылдыр қағып, ағып жатқан өзеннің мөп-мөлдір таза суы адамды да, малды да мейірі қанғанша сусындатып, жағада биік өскен құрақ талдары күн көзінен қорғап, жұпар ісі дертке шипа болатын таза ауасы самал желмен қосылып, жаныңды жайландырып тұрады. Тың өлкесінен келіп отырсың. Әр елдің шежіресінде дәуірлік сипатқа ие оқиғалар болады, Қазақстан үшін де ондай оқиғаның тың көтеру болғанына еш талас жоқ, тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы бүкілхалықтық аттаныстың егемен еліміздің даму тарихында алар орны ерекше. Нұра үшін де бұл кезең аудан тарихына алтын өрішпен жазылған кезең болды. Қаншама жастар, көптеген ұлт өкілдері шартараптан тың көтеруге келді. Бүгінде олардың ұрпақтары жаңа Қазақстанды гүлдендіруге сүбелі үлес қосуда. Сөйтіп, нұрлы Нұра ұлттар достығының мызғымас ордасына айналды. Бірлік пен татулықты сақтандар. Ауылды дамытуды бірінші кезекке қойсаңдар, еңбектерін табысты болары сөзсіз, – деп маған сәттілік тілеп пығырып салды.

Нұра елімен танысуы жалындаған жастығында басталса да, Нұрсұлтан Әбішұлының Нұраны бір сөт есінен шығармағанына осы жолдар – куә. Бүгін Нұра – «Бөтені жоқ адамның жақын бөрі, Жадырайды Нұраның жарқын таңы, Қызыл қырман сапырып шаруалары, Тұлпар мініп шығады талпынғаны», – деп ақын жырлағандай, Астананың іргесіндегі келешегі кемел, өрісі ырысты, болашағы жарқын, ажары кірген, жаңарған, абройы асқақтаған, тірлігі мен бірлігі нығайған, қазаны ортаймаған, базары тарқамаған елді мекендердің бірі. Тұңғыш Президентіміздің осы қара Нұраға қатысы болғандығын, оның өркендеуіне сүбелі үлес қосқандығын нұралықтар мақтан тұтады және мақтанышпен ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді өздеріне құрметті міндет деп біледі.

Қазақстан халқының көш басында тұрған оның төл Перзенті – тұңғыш Президенті елдің бүгінгі болмасы мен ертеңгі бейнесін тарих парағына жасампаз жылдармен жазуын жалғастыра береді ■

Бикен АХМЕТОВА, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері

СЕРІК АҚСҰҢҚАРҰЛЫ АҚСҮЙЕКТЕР ҚОҒАМЫ

...Таяуда АҚШ-та сенатор Эдвард Кеннеди 67 жасқа қараған шағында фәниден бақиға озды. Америка аристократиясының азулы өкілі. Осы елдің ары мен ұяты, ожданындай болған текті әулеттің сүт кенжесі еді ол. Оны америкалықтар Ұлттық Арленгитон қабіріне, ағаларының қасына аза тұтып жерледі.

Кеннедилер – жан-тәніне Құдайдан қасиет дарыған тұқым. Өкесі – көрнекті демократ, АҚШ-тың Ұлыбританиядағы елшісі болған адам. АҚШ президенті болған ағасы Джон Кеннеди 1963 жылы, сенатор болған тағы бір ағасы Роберт Кеннеди 1968 жылы кісі қолынан қаза тапқан. Кеннедилер АҚШ демократтарының ордалы ойлы өкілдерінің қатарын түзейді. Көзі қарақты жұрт Эдвард Кеннедиді «либерализмнің соңғы арыстаны» деп атаған. Массачусетс штатынан сайланған сенатор Э.Кеннедидің есімі АҚШ-тағы кедейлер мен кембағалдардың қызғыш құсы ретінде жұртқа кеңінен мәшһүр болған.

Ол АҚШ-тың заң шығарушы жоғарғы палатасында 47 жылға жуық тер төкті. Кеннедилер әулеті – АҚШ-тағы ең бекзат тұқым, Америка аристократиясының қаймағы десе болады. Олар Америка демократиясы, Америка ар-намысы, Америка ұлты үшін бүкіл ғұмырын сарп етіп келеді.

Елдің сөзінше, АҚШ-тың бүгінгі президенті Барак Обаманы шаршы топқа шығарып, аламан бөйгенің алдына алып шыққандардың бірі – осы Э.Кеннеди. АҚШ-тың байлары біздікіндей емес, капиталды ел қазынасына суық қолын салып тартып алмаған. Маңдай терімен тапқан. АҚШ шенеуніктері де біздікіне мүлде ұқсамайды. Ел байлығына көзін телміртсе, екі аяғы көктен келетінін жақсы біледі. АҚШ-ты көрінген билемейді, заң билейді! Заң алдында бай да, бағылан да, кедей-кепшік те бірдей. Осындай озық қоғамдық жүйені құруға Кеннедилер секілді бекзадалар әулеті айтарлықтай үлес қосқан.

Кеудесіне нан піскен байшыкештер кедей-кепшіктің ырзығын Кеннедилердің көзінше тартып ала алмайды! Кеннедилердің көзінше шектен шыққан басбұзар АҚШ азаматының абыройын айрандай төге алмайды! Кеннедилердің көзінше қолына мемлекет тізгінін ұстаған ірілі-ұсақ шенеунік АҚШ азаматтарын алдына салып айдап, айтқанына жүргізе алмайды! Оған басқа көнсе де, Кеннедилер әулеті мүлде көнбейді!

Мұндай бекзадасы көп елдің берекесі де мол болмақ. Американың адамзаттың алдына түсіп, толықсып отырғаны содан.

Қазақ үшін бұл таңсық емес еді. Алты Алашты аузына қаратқан тұлғалар бізде де көп еді. Қарашорда Сеңкібай, әлтекеде Жидебай, сарымда Шабанбай, тобықтыда Құнанбай бар еді. Ұлы жүзде Төле би, Кіші жүзде Әйтеке, Орта жүзде Қаз дауысты Қазыбек биіміз болған.

Қазір олардың орны үңірейіп тұр...

Майқы би айтқандай, «тұлпардан – тұғыр, сұңқардан – жапалақ, жалқаудан – масыл туған, масылдан – малбақпас, тілазардан – қылжақпас, сараңнан – бермес, соқырдан – көрмес, мылжыңнан – езбе, қыдырмадан – кезбе туған» заман болып тұр.

«Ел болса, ер туғызбай қоя алмайды» деген қазақ. Әлі біздің де өз Кеннедилеріміз болады! Қу қарақан басын, жиған малын, жинаған алтынын емес, Алаш елін, қазақтың ұяты мен қуатын ойлайтын бекзада ұрпақ дүниеге келеді әлі! Сол кезде бізбен бөсекелес елу ел қазақпен қанжығаласып көрсін... ■

2011



ҚАДЫРДЫҢ ҚАЛЖЫҢЫ



Бірде «Жалын» альманағының жаңа санында бас редактор Тұманбай Молдағалиевтің жаңа өлеңдері басылады. Сонда:

«Бір тәулікте бір адамды

Қуантпауға болмайды.

Бір тәулікте бір адамды

Жұбатпаған оңбайды», – деген жолдар бар екен. Осы шумақ ақын Сәкен Иманасовқа қатты ұнайды да, Тұманбайға кездесіп қалған бір сәтте әлгі өлең жолдарын қайталап айтып: «Деген екен қазақтың бір мықты ақыны, Тұм-аға!» – дейді.

– Қадыр ғой! – дейді Тұмаған ойланбастан.

– Қайдағы Қадыр, Тұманбай Молдағалиев! – дейді Сәкен.

– Кет сөйлемей! – деп Тұмаған таң қалады.

– Мінеки, ендеше! – деп Сәкен журналды ашып көрсетеді. Тұмаған өз көзіне өзі сенбегендей бір қарап өтеді де:

– Оқта-текте ондай-ондай менде де болады! – деп көзілдірігінің астынан күлімсірей қарайды.

Қадыр мен Тұманбай құрдас. Қайтер екен деп осы әңгімені Сәкен кейін Қадырға айтып береді. Сонда Қадыр:

– Жақсы өлең тек менде ғана болады деп ойлайтын Тұманбайдың ескі әдеті ғой, – деген екен.

Орал облысының Жымпиты ауданы – Қадыр Мырзалиевтің туған жері. Бірде Жымпиты ауданында болып қайтқан жазушы Сансызбай Сарғасқаев Алматыға келген соң Қадырға өзілдеп:

– Жымпитың ит байласа тұрғысыз жер екен, – депті.

Сонда Қадыр:

– Сөке, мықты болсаңыз, сондай жерде туа білу керек! – деген екен.

Қадыр кішкене ғана, киіктің асығындай шымыр, ал Жүсіп Қыдыров болса, түйе үстіндегі адаммен бой теңестіргендей ұзын бойлы. Бірде екеуі Жазушылар одағының үйіне қатар беттеп келе жатса, жігіттер көріп күліпті. Сонда Қадыр:

– Несіне күлесіңдер, мен болсам, Қазақстанның 1913 жылғы көрсеткішімін, Жүсіп болса, 1973 жылғы көрсеткіші емес пе?! – депті.

Қадырды құрдастары «сараңсың» деп әзілдесе керек. Соны әркімдерден ара-тұра естіп қалған Сейтжан Омаров бірде:

– Қадыр-ау, біздің ауылмен құйрық-бауыр жесер құда болып қалдың ғой. Енді де үйіңе шақырмас па екенсің? – деп үлкендікпен әзіл айтыпты.

Сонда Қадыр Мырза Әли:

– Сөке-ау, «құда мың жылдық» деген емес пе, асыққанымыз не, мың жылға дейін сіз болып, біз болып талай шақырыса жатамыз ғой, – деген екен.

Ақын Әбдрахман Асылбековтің өтімді, пысық мінезін әріптес достары жақсы біледі ғой. Бірде Қадыр Мырза Әли Әбдрахманның баласын көріп, сәлемін алып, тілдесіп көрсе, оның да ертерек жетіліп, болайын деп тұрғанын байқайды ғой. Байқапты да: «Әбдрахманның баласы Әбдрахманнан гөрі Әбдрахмнырақ екен», – депті.

Белгілі жазушылар Сәкен Жүнісов пен Адам Мекебаев 1985 жылы Мәскеудегі әдебиет институтына оқуға түседі. Сонда тапқыр, әзілге жүйрік ақын Қадыр Мырза Әли: «Адам – Сәкен боламын деп, Сәкен – Адам боламын деп оқып жатыр», – деген екен ■

Ел аузынан жинаған: Ақселеу СЕЙДІМБЕК

Рух

ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ӨСИЕТІ

Ғалымдар Шыңғыс ханның Алтай Республикасындағы ұлттық мұражайда сақталған қолжазбасының құпиясын ашты. «Ақыл кілті» қолжазбасы – ғылымға белгілі ең ежелгі моңғол жәдігерінің бірі. Ол XIII-XIV ғасырлардағы көне моңғол тілінде жазылған.

Шыңғыс хан кеңестерінде «әйелдердің сөзіне аса сенбеуге» үндеген. «Құл арқылы ұлыңа бұйрық берме», «жауыз немесе іші тар адаммен кеңеспе», «көпшілік адам мақұлдағанды теріске шығарма» деген үзінділер бар. Сондай-ақ «сенімсіздік тудырған адамға сырынды ашудың қажеті жоқ» деген кеңесі де берілген.

Таулы Алтай мұражайы қызметкерлерінің хабарлауынша, қолжазба сутра үзінділерін қамтиды. Сутра балаларды

тәрбиелеу кезінде тапсырма, өсиет түрінде ауызша таратылған болуы мүмкін. Бастапқыда оны Шыңғыс ханның өзі айтқан. Ауыздан-ауызға тарап, қолбасшының жолдауы қатты өзгеріске ұшыраған. Көп парағы жоғалып кеткен.

Ғалымдардың пікірінше, қолжазбаны хат жазуға жаттығу үшін пайдаланған болуы мүмкін. Парақшаларда ежелгі моңғол әліпбиі мен жазу үлгісі бар. Мәтінді үш адам жазғанға ұқсайды. Олардың бірінің жазуы әдемі. Ғалымдар мұны мұғалімнің не жазуға машықтанған адамның жазуы екенін айтады. Қалған екі жазу жаңа жазып үйренгендердікі сияқты. Мәтінді бамбук таяқшаларымен және қылқаламмен жазған. Жоғарыдан төмен қарай жазылған классикалық моңғол хаты, жолдар оңнан солға қарай орналасқан.

Шыңғыс ханның жолдауының құпиясын РҒА СБ филология институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Невскаяның басшылығымен ғылыми диссертация қорғау аясында германиялық университеттің студенті Херлен Больд анықтады ■



Мәселе

ТЕРРОРИСТІҢ ТҮРМЕСІ БӨЛЕК БОЛСЫН!



Депутаттар елімізде терроризм мен экстремизм үшін сотталғандарға арнап түрме салуды ұсынды. Қазіргі уақытта террористерге тағайындалатын жазаның мерзімін ұлғайту туралы заң дайындалып жатыр. Парламент Мәжілісінің қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ирина Смирнованың айтуынша, аталған заң қабылданса, террористер мен экстремистерге жеке түрме салынады.

«Жаңа заң жобасына байланысты елімізде терроризм және экстремизм үшін сотталғандарға арнайы колониялар салу керек. Бұл мәселені кейінге қалдыруға болмайды. Себебі террористер жалпы түрмеде отырса, өздерімен бір камерада отырған басқа қылмыскерлердің, әсіресе жас тұтқындардың санасын улап, өздеріне қосып алады», – деді Смирнова Мәжілістің пленарлық

отырысындағы ұсынысында.

Депутат экстремистік кей ұйымның жастарға түрмеден кейін жағдай жасап, оларға жұмыс тауып, үй алып беріп, үйлендіріп, өз қатарларына оңай қосып алып жатқанын айтты. Түрмеден шыққандардың мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардан гөрі осындай экстремистік топтардан материалдық-психологиялық көмек алу мүмкіндігі жоғары екенін де жасырмады.

Смирнова Ішкі істер министрлігінің жекеменшік түрме салу туралы ұсынысын да сөз етті.

«2014 жылы жаңа Қылмыстық-орындаушылық кодекс қабылданғанда, ПМ басшысы жуырда жекеменшік түрмелер тұрғызылатынын айтқан. Ең алғашқысының құны 25 миллиард теңге деп жоспарланып, жеке инвесторлардың қолдауымен Қарағандыда салынуы тиіс еді. Бірақ бүгінгі күні Қазақстанда бірде-бір жекеменшік түрме жоқ», – деді ол.

Оның айтуынша, жекеменшік түрмелер салу – әлемде бар үрдіс. Осы арқылы бюджетке түсетін салмақты азайтуға болады ■

Агро

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНА 97,3 МЛРД БӨЛІНЕДІ

2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға сәйкес, еліміздің агроөнеркәсіп кешенін қолдау шараларына қосымша 97,3 млрд теңге бөлінбекші.

Аталған қаржының басым бөлігі, яғни 51,7 млрд теңге «ҚазАгро» холдингі арқылы игеріледі. Оның ішінде Қазақстан азаматтарының зейнетақы жинақтары да бар. Астанада өткен баспасөз мәслихатында холдинг басшысының орынбасары Айгүл Мұхамадиева қаражаттың қай бағытта бөлінетінін айтты.

«Біз сол қаражатты екі бағытта жұмсауды жоспарлап отырмыз. Біріншіден, сүт қабылдау, отбасылық сүт фермаларын құру, мал жемдейтін орындар ашу, жеміс-көкөністер шығару мен ауылшаруашылық кооперативтерін ұйымдастыру жұмыстарына басымдық беріледі. Негізі, осы саладағы жұмыс жүріп


жатыр. Жобаларды қаржыландырудың жылдық мөлшерлемесі 6 пайызды құрап отыр. Ал екінші бағыт бойынша, экспортқа шығарылатын тауарларға қолдау жасалады. Соның ішінде сиыр, шошқа мен құс еті, өсімдік майы және жеміс-көкөністер бар. Бұдан бөлек, аталған өнімдерден жасалған тауарлар да кіреді. Осы санаттағы жобалар 11,5 пайызбен қаржыландырылады», – дейді «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Айгүл Мұхамадиева.

Оның айтуынша, екінші бағыт бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты да тартылып отыр. Алайда оның мөлшерлемесі 15 пайызды құраған. «ҚазАгро» холдингі оған бюджет қаржысын араластырып, жылдық мөлшерлемені 11 пайызға дейін төмендетті ■



Үкімет

МӘЖІЛІСТЕ ҚАРАЛҒАН ЕКІ МӘСЕЛЕ



«Келесі жылдан бастап Елбасының тапсырмасына орай кәсіптік және техникалық білім тегін берілетін болады. Сондай-ақ жұмысшы мамандығында оқытындардың барлығы шәкіртақы алады. Бұл туралы Парламент Мәжілісінде өткен «Баршаға арналған ақысыз техникалық және кәсіптік оқу, дуальды оқытуды енгізу» атты жиында ҚР Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті басқарма басшысының орынбасары Ернат Жүнісов мәлімдеді», – деп хабарлайды baq.kz

«Бүгін Мәжілісте екі мәселе қаралды. Біріншісі – техникалық және кәсіптік білімді тегін беру, екіншісі – дуальды оқытуды енгізу. Елбасы келер жылдан бастап кәсіптік білімді тегін беру туралы тапсырма берген болатын. Министрлік осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Бүгінгі таңда Үкімет тарапынан жұмыс тобы құрылған.

Бес отырыс өткізілді. Жақында болған жиында жергілікті атқарушы органдарға қаражат мәселесін қайтадан қарастыру тапсырылды. Жылдың аяғына дейін бұл мәселені толық талқылайтын боламыз», – деді Ернат Ғафуұлы.

Департамент басшысының орынбасары бұл жобаның негізгі тетіктеріне тоқталып өтті.

«Жұмысшы мамандықтары тегін оқытылады. Мұны Білім туралы заңның сегізінші тармағына енгіздік. Жұмысшы мамандығын алатындар санын арттыру мақсатында оқу бағдарламаларын әзірледік. Осы мақсатта республикалық бюджеттің есебінен 21 мың маманға орын бөлуді көздеп отырмыз. Қалған орынды жергілікті бюджет есебінен қарастырмақпыз. Бірінші кезекте мектеп бітіріп, оқуға түспеген жастарды қамтуды көздеп отырмыз. Сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастарға да мүмкіндік беріледі. 9 және 11-сынып бітірген түлектер біздің тегін кәсіптік және техникалық білім беруімізге қатыса алады», – дейді ол ■

БАҚЫТЖАН АЛДИЯР

«МҰҢДАРЫМДЫ АҚЫЛДЫҢ МҰХИТЫНА БАТЫРДЫМ»

ТАСТАҒЫ ӨЛЕН

Тас көшелер. Тас тұлғалар. Тас үйлер,
Тас үйлерге тағдырларын тасиды ел.
Тас қаланың тасасында қап қойған,
Тастай берік қайран көңілім, жаси бер.

Тас қаланың төріндегі тас қамал,
Тас қамалда отырады қасқалар.
Тас тұлғаға толы сол бір қамалды
Тастай қашқам, қалмаған соң басқа амал.

Тас-талқан ғып мақсатын һәм мұратын,
Тас қалада теңселіп жүр бір ақын.
Тәспісінен жаңылысқан дүние,
Тастан жұмыр жырына елтіп тұратын.

Тас тағдырын талақ еткен жас арай,
Тас бағанды құшақтайды мас ағай.
Тасқа сен де таңыларсың дегендей,
Тас тұғырдан телміреді тас Абай.

Тасқа айналу шығар, бөлкім, сыбағам,
Тасқа айнала алмай-ақ жүр бір ағам.
Тасқа соққан маңдайды аяп сонан соң,
Тастай суық сіміремін сырадан.

Тасқа тастап мінезімді шынылау,
Тасып-толып мөз болады қу мынау.
Тас бағанды құшақтайды мас ағай,
Ол да маған қарағанда ұлылау...
Беу...
Тасты жарып өскен гүлдей жырым-ау...

Алматы, 2004

ҚАБІРДЕГІ БЕСІК

«Біздің елде нәресте тоқтамай шетіней берсе, қабірінің басына сол нәрестенің өз бесігін қоятын ырым бар... Алғаш көргенде көзге біртүрлі ызғарлылау көрінеді».

(Автор)

Халі айналып мүшкілге,
Сырдағынан сыр көшіп,
Жас қабірдің үстінде
Тербеліп тұр бір бесік.

Тербетілген өзі ме,
Тербеп тұрған жел ме екен?
Мұң құйылды көзіме,
Дейді жүрек «бол бекем».

Бар ма екен бір керегі,
Қойды ма әлде ырымға?
Өн бойынан келеді
Жөргек иісі мұрынға.

Қараң қалып жатыр-ау,
Бар деуші еді киесі.
Қайда кеткен апыр-ау,
Құйтақандай иесі?

Күз аспаны күрсінді,
Мұздай жасы тоң тесіп.

Жасырады бір сырды
Кіп-кішкентай төмпешік.

Жабырқайды жарым Ай,
Басқа бедер, белгі өшіп.
Тал бесіктен, Тәңір-ай,
Жайлы ма екен Жер бесік?

Бесігінің тұмары
Тырнағы екен бөрінің.
...Сынып түсті сыңары,
Жамандыққа жорыдым.

Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Қуыршағы күнқақты.
Енді қайта туылмас
Тағдырды ұғып құр қапты.

Сыңғырлағы сыңғырлап,
Сағынады ойнауды.
Бұйырмастан мың бір бақ,
Бесігіне байлаулы.

Бар тіршілік тұр аяп,
Көзін салып қабірге.
Оқиыншы бір аят,
Жетер ме екен Тәңірге?!

Өксіп жатыр Өліара,
Қысқа өмірі жақпаған.
Күбірлейді Жер-Ана:
«Әлди, әлди, ақ балам...»

Теліп тұрмын қайғыға,
Жер-Ананың мұнды үнін.
Жер бесігің жайлы ма,
Ұйықтай қойшы, құлдығым...
Әй-й-й, ұйқылы-ою тірлігім...

Тұрбат ауылы, 1996

ӨМІРБАЯН

«Өтемістен туған он едік...»
(Махамбет)

Атадан туған алты едік,
Алты бөлек жалқы едік.
Кілең шеккі жеп өстік,
Бір емшекті тарта еміп.

Алты бірдей жетімек
Апыл-тапыл жетіп ек.
Қақты бізді аруақ,
Бақты бізді өкімет.

Жерді еңкейіп емгенбіз,
Елге ербиіп ергенбіз.
Дәрменсіздік дәнінің,
Дәмін татып көргенбіз.

Құлатпадық күйді епті,
Ұнатпадық күйректі.
Аңшы әкеміз адымды
Аңдап басуды үйретті.

Дәмін сездік аш тілдің,
Бөрін кездік тас, қырдың.
Қабыланмен қағысып,
Қанын жұттық қасқырдың.

Иен дала, ерен дүз,
Иесі біз дегенбіз.
Алан сүтін ішкенбіз,
Аю өгін жегенбіз.

Өкеден ап үлгіні,
Тұтынғанбыз пірді ұлы.
...Қансонардан сол әке
Қайтпай қалды бір күні.

Тезге салып төте сын,
Түзетті өмір қатесін.
Әл-дәруан көргенбіз
Әкеміздің әкесін.

Көндіге алмай ізге бір,
Күреңіткен күз-көңіл.
Пісте сатты шешеміз...
Пісірді ғой бізді өмір.

Дара қондық әлемге,
Бала болдық бар елге.
Жан емеспіз деуші едік,
Жатыры бір, жаны өңге.

Жас еді деп тым әлі,
Жұрт өтірік жылады.
...Бейіш жақтан боп шықты
Бесінші ұлдың тұрағы.

Алтау едік, бес қалдық,
Алла барын еске алдық.
Көп жерлеген Кеңестен
Көрген жоқпыз еш тарлық.

Көлге көзде жас тұнбай,
Кеудені езге бастырмай,
Жанымыздың жарасын
Жалап жаздық қасқырдай.

Тон ішінде жетіліп,
Көп ішінде бекідік.
«Жетім қозы тасбауыр...»
Дегеніңіз өтірік!

Тоқтамайтын көші ұдай,
Тағдыр ғой – бұл, досым-ай.
Менің өмірбаяным
Өрім-терім осылай.

Жаныма ұйып мұң ұяң,
Жылағым кеп... жымиям.
...Жібісеңші сен де енді,
Зарпы ойламай зымиян,
Ей, тасбауыр Дүниям!

Шымкент, 2004

МҰҢДАРЫМДЫ АҚЫЛДЫҢ МҰХИТЫНА БАТЫРДЫМ

Өпербақан заманның,
Әдісіне алаңмын.
Әбжыландай арбасқан
Өрекеті адамның.

Іше-іше жұрт уды,
Ұмытқандай үркуді.
Алатаудан бұлт ауды,
Атымтайға күн туды.

Өлдекімдер дау бастап,
Өкіреңдеп жауласпақ.
Әкім болып туғандай
Әкесінен әу баста-ақ.

Өзді-өзімен сыбайлас,
Бас-басына бір ойнас.
Байлығына ешкім де

Болған емес бұлай мас.

Бөрі – Ыбырай, бөрі – Абай,
Дуылдайды арадай.
Көсілгені батады-ау,
Көрпесіне қарамай.

Ауыл келген би, әкім,
Белге түйді ұятын.
Қазақстан – кең көрпе,
Барлық ұлт сыятын.

Тәубамызды тарсындық,
Саудаңызды арсындық.
Көрсө, күлер күллі әлем,
Көрпе астында бар сұмдық.

Бүлкілдеген сол көрпе
Бар құрлыққа болды ерке.
Жұртқа алақан жайып ек,
Жұмырымыз толды ерте.

Жеріміз бар иген құт,
Игере алмас күйге ендік.
Қайтарымын Хақ білер,
Қайыр сұрап үйрендік.

Көсемің де саудайы,
Шешенің де саудайы.
Залымдардың қолында
Замананың аужайы.

Қорқынышы моладай,
Қоғам келді қомағай.
Толғатқанмен қаншама,
Туылмады Толағай.

Бар байлығын сатса елі,
Қайдан ақсын бақ селі?!
Мұндай тақыр заманнан
Ақырзаман жақсы еді.

Өпербақан заманның,
Әдісіне алаңмын.
Өрең жұрмін ұялып
Өруағынан бабамның...

Көрінгенге сүйкеніп,
Ішінде арам ит өліп,
Жүрген жанды көрем де,
Жұқарады жүйке нық.

Сыбыр менен күбірге,
Толып кетті бұл ірге.
Қанға толып батады
Күннің көзі іңірде.

Кірін іздеп тырнақтың,
Өтіп жатыр зырлап күн.
Назға толы жанымның
Нәзіктігін ұрлаттым.

Өлмес жанр – өлең де,
Өніп жатыр көгенде.
Нән өтірік – мінбеде,
Нағыз шындық – төменде.

Көптің көзі бұладай,
Көсемсиді бір ағай.
Теңгелерден құны жоқ,
Телміреді ұлы Абай.

Ұғатындар обалды
Үндемейтін боп алды.

Көңілсіз бір көлеңке
Көміп жатыр қоғамды,

Жазарым да көңілсіз,
Ғазалым да көңілсіз.
Ойдым-ойдым ойларым,
Өліп жатыр өмірсіз.

Мұңдарымды ақылдың
Мұхитына батырдым.
Көлеңкеге мен-дағы
Кіріп бара жатырмын...

**ҚАЙТА ЖАРАЛУ НЕМЕСЕ
САТТАР, САТТАРХАНОВ
ЖӘНЕ ӘЛІ БЕЛГІСІЗ СӘБИ
ТУРАЛЫ ЖЫР**

«Ұлтын шын сүйген пенделерімді
сол ұлттың сапында екінші рет
жаратамын» (Құран-Кәрімнен)
Жетпіс жыл бұрын...
Жүрегіндегі баса алмай сұрапыл
отты,
Жүретін ылғи таң қылып мұраты
көпті,
Түмен баптарым тәубе деп түгел
қолдаған,
Түркістан жақта өмірден бір ақын
өтті.

Жырынан оның тербеліп мақпал
қара түн,
Жым болып бір сәт мұңайып бақтар
қалатын.
Ғасырға сырын жыр етіп ақтарған
ақын
Саттар болатын!

Күні кеше еді...
Дүр сілкіп алса даусының дірілі
көкті,
Дәуірдің өзі көз салған бұрылып
отты,
Жиырма жаста-ақ жұмыр Жер
түгел таныған,
Түркістан жақта өмірден бір інім
өтті.

Жылы күлкісін арайлы мақпал таң
ұққан,
Жиырма жаста өзін әлемдік тақтан
танытқан,
Айырылдық тағы баяғы бақтар
қалып таң
Саттархановтан!

Бабалар салған ауады зейінім ізге,
Бұрылар тағы Төңірдің пейілі бізге.
Ұлтымды сүйген ұлдарын тудырап
қайта,
Ұлы Аллаһ, Сіздің төнтімін
мейіріңізге.

Бүгін бе, бүгін...
Бұл да бір бізге бұйырған несіп деп
елі,
Бұлқынып жатқан сыя алмай
бесікке белі,
Түмен баптарым тәубе деп түгел
қолдайтын
Түркістан жақта бір сәби өсіп
келеді...

Түркістан, 2002

ҚОШТАСУ
Менің соңғы армандарым түсі
аппақ
Сізді ап ұшқан ұшақпенен бірге
ұшты.
Мәжнүн кейіп мұңдарымды
құшақтап,
Сағынышпен өткізермін бұл қысты.

Жабығармын, зарығармын,
күтермін,
Күн астынан күлкіңізді іздермін.
Төзімімнің тозаңы ұшып бітер күн
Менің мұңым ұсынады Сізге ернін.

Дүрия бір мінез қымтап қаланы,



Дүнианың малшынғанда бәрі аққа,
Көлеңкеңіз күле қашып барады,
Күлекеш Күн кіре тартқан тарапқа.

Өмір деген өгей шешем айтады өн
Өлім жайлы...
Өліара ғой не етерміз?!
Сосын қарсы аяңдаймыз қайтадан
Жалғыз қалған қара Жер мен
екеуміз.

Сағынышпен өткізермін бұл қысты,
Самайында сағым ойнап жабықтың.
... Жүрісіме күллі Жердің күлді
үсті,
Мен де аспанға кетсем бе екен?..
Жалықтым!

Шымкент, 2003

МАС АҚЫННЫҢ МОНОЛОГІ
«Мен ішпеген у бар ма?!»
(Абай)

Бала – белде, қатын – елде, сор – баста.
Төңір – көкте...
Бізге уақыты болмас та.
Кімдерменен жүрмедік біз жолдас
боп,
Қай жерлерге бастамады жол
қасқа?!

Қара аспанды тұрса-дағы кім тіреп,
Жағасынан ала түстік сілкілеп.
Көркемдіктің көз жасына көмілдік,
Көрінгеннің көрпесіне бір түнеп.

Ұлылыққа бастадық деп сапарды,
Ұрда-жықпен толықтырдық
қатарды.
Ұрттап алып, дүнианы ұмыттық,
Ұлы Абай да іше алмаған заһарды.

Өтті біздің табаннан да талай сыз,
Атты бізге талай таңдар арайсыз.
Дүрмегіне қалдық елдің ілеспей,
Дүнияуи дертке ұрынған абайсыз.

Іштік келіп, іштік келіп талай күн,
Ішірткісі таусылды ақыр
маңайдың.
Кейін білдік... Ішқұсалық
зарпымен
Ішкен уы басқа екенін Абайдың.

Ішейін деп ішпейсің ғой нәлетті,
Сен жүргенде Хаққа құл боп әдепті –
Сенен бұрын егеді жұрт дөнекті,
Сенен өзге пенделердің бәрі епті.

Жасын ойнап, қашқанда елдің бәрі
ыққа,
Қарсы қарап жүресің сен жарыққа.
Қимайсың ғой өзіңді-өзің қамытқа,
Сыймайсың ғой адам сыяр
қалыпқа.

Қайығынды шайқаса да қай теңіз,
Қайғылыға бар сұйықтың жайты
егіз.
Мөлдірлікте ұлылық та, у да бар,
Сосын енді... Ішеміз де қайтеміз...
Құйындаршы!

Шымкент, 2004

СЫРАХАНАДАҒЫ ӨЛЕҢ
Сырахана. Сыз еден. Сынық көңіл.
Сықпытыма қарайды күліп тобыр.
Қайран, досым, ішінде мына түннің
Бір ақынның барлығын ұмытты
өмір.

Мен отырмын жын басып, жаға
жығып,
Сен отырсың маңдайың жаңа жібіп.
Ойсыз көзін қадайды мына бір қыз,
Одырайып қарайды ана жігіт.

Менің ішім қан жылап, сырттай
күліп,
Сынап тектес бір салмақ бұлттай
бүріп,
Өлдене айтқым келеді-ай мына
жұртқа,
Масаң көзін жалғаннан кілт
тайдырып.

Ай, адамдар, Адамнан тарағандар,
Жанымдағы қаны аққан жараны
аңғар.
Аяғанның досы емен, бірақ, бірақ
Жай адамның бірі деп қарамаңдар.

Менің тұлғам зәрлі емес шен-
шекпенге,
Менің тұлғам зәрлі емес елші
еткенге.
Көңілімді ұғып көр көкке ғашық,
Өмірімді өлеңмен өлшеп көр де.

Сонда ғана...
Белгісіз баста мәні,
Арманымды ұғарсыз асқаралы.
... Екіндіге еңкейіп Күн құлар сәт
Екінші бір ғұмырым басталады.

Қара өлеңнің мен салған тың
соқпағы
Қайран қылып, тұрар жұрт құмсап
тағы.
Қадірімді айтады ертең елге
Қабірімді көмкерген гүл шоқтары.

Күміс жырым ілесіп құс үніне,
Кісіні де төңті етер, кішіні де.
Мен сүйген қыз гүл қояр қызын
ертіп,
Қызыл тастан қашалған мүсініме.

Тағдырыма таң қалып мына халық,
Тамырында жырларым тұрады
ағып.

Жаутаңкөздер жаттайды өлеңімді
Бірісінен-бірісі сұрап алып.

Қағидадай белгілі бесенеден,
Ғасырлардан ғасырға көше берем.
Көңілім қалған көкемнің ұлы өтеді
Менің атым берілген көшеменен.

Бозбала ақын тебін мұрт түсі ойлы
ана,
Сынға түсіп көнбейтін күш, айлаңа,
Мен туралы жып-жылы жыр оқиды
Менің атым қойылған мүшәйрада.

Сол бозбала алдынан ашылса үміт,
Ақын болар өзімдей асыл сынық.
Ал әзірге...
Сыраңнан құйшы, досым,
Басым сынып барады, басым
сынып...

Шымкент, 2004

**1992 ЖЫЛ. КӨКЕМНІҢ
КҮРСІНІСІ**
«Тебірлерге қалғанда
Теңселер сойды ауыр ноғай
жұртыңыз...»
(Шалкиіз)

Бұлың, бұлың, бұлыңғыр,
Бұлтты күннің құнын біл.
Бұлыңғырдың ішінде
Өтті талай күнім құр.

Адырлардан жел есті,
Айдарлылар теңесті.
Көк үйдегі көп есті
Күбір-күбір кеңесті.

Кеңесті де егесті,
Егес тегін емес-ті.
Желтоқсанның желі есті,
Күнім болды көмескі.

Көзге ілместен белесті,
Пана тұттық елесті.
... Жаңа Ай туды аспанда,
Соның өзі көп ескі.

Жел соқты да екпінді,
Телпек қылды тектімді.
Темір тордан телміріп,
Тектілерім тек тұрды.

Шерік-шерік шеп құрды,
Шерге әкеліп бөктірді.
Тұлпарымды тұғыр деп,
Тарантасқа жектірді.

Көп көзіне кек тұнды...
Күн ашылды, көк күлді...
...Он бес басты аждаһа
Бірін-бірі жеп тынды.

Тілек қабыл болғасын,
Түгендеді ел қол-басын.
Күлін көкке ұшырды
Жылап Бапы ордасын.

Етті де еппен күйді оңды,
Жар басына үй қонды.
Бостандығын алғандар
Бас-басына би болды.

Тауысып ек тағатты,
Жеңіс жерге қаратты.
Ұмытыппыз, о, ғажап,
Тауып жеуді тамақты.

Аңыз деуші ек көнігі,
Бар екен ғой Төңірі.
Ендігіңді шешеді
Сол кісінің өмірі.

Бұлың, бұлың, бұлыңғыр,
Өтті-ау талай күнім құр.
Бұлыңғырдың ішінде
Адасып жүр құлын-жыр.
Бұлың, бұлың, бұлыңғыр...

БАЙДАЛЫ БИДІҢ БАЙЛАМЫ

«Байдалы қартайып, үйден шықпай күндіз-түні төсекте жататын болды» дегенді естіген Мұса мырза арнайы іздеп келіпті. Байдалы шешен қараша үйінің ішінде бөстекке оранып жатыр екен. Мұсаның қолын алып, жөнін сұрап амандасыпты да, кәріліктің жайын айта беріпті.



– Ой, кәрілік-ай, сөздің өзі – бала, тербетсе – оянады, тербетпесе – оянбайды, заманым өтті ғой! – дей беріпті.
Мұса қонып, қонақасын жеп, таңертең жүрмек болады.
– Е, шырағым, еліңе не айтып барасың? – депті Байдалы.
– Мен не айтайын, ел ағасы болған Байдалы еді, енді кәрілікпен алысып жатыр екен деймін-дағы, – депті Мұса.
– Шырағым, оның рас. Үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші! – дейді қарт. Мұса «айтыңыз» деп тындайды. Байдалы қарт сонда:
– Алыста не алыс?
Жақында не жақын?
Төттіде не төтті? – дейді.
Мұса ойланып отырып:
– Жер мен көктің арасы алыс,
Кісіге туыс жақын,
Бала төтті, – депті.
Сонда Байдалы қарт басын көтеріп:
– Балам, ақылың әлі алқымыңнан аспаған екен. Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ, жаннан төтті жоқ. Бала қанша жақсы болса да, жан шығарда, адамның өз жанынан төтті жоқ. Жақында ажал жақын, – депті ■



КІТАП НЕГЕ ОҚЫЛМАЙДЫ?

Кітап – білімнің қайнар көзі. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.

«Артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге» деп хакім Абай жырлағандай, кітапты таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтыны анық.

Кітап – досың ғана емес, ұстазың... кеңесшің... ақылшың. Дегенмен біз бұрынғы кітап оқу үрдісінен айырылып бара жатқандаймыз. Қазіргі кезде том-том кітап құшақтап, кітапханаға жиі баратын адамдарды сирек кездестіретін болдық. Мерекелерде, туған күндерде адамдар бір-біріне кітап сыйлаудан қалған. Соның салдарынан жастар еркін ойлауға, ауызекі тілде көркем сөйлеуге қабілетсіздік таныта бастағандай.

Өкінішке қарай, адамдардың кітапқа өз бетімен қызығушылығы азайып барады. Әдебиетке деген құлықсыздық пайда болды. Оның себептерін күнделікті қолданысқа енген ғаламтор, компьютер секілді құралдардың әсері деп білеміз. Қазіргі жастар кітап оқып, ойын қорытудың орнына теледидарға үйірсек. Мұның барлығы кітап оқуға үлкен кедергі келтіреді.

Ата-аналар да тым жұмысбасты боп алған. Баланың теледидар қарауын белгілі бір уақытқа ғана шектеп, кітап оқуына арнайы көңіл бөліп, қадағалап отыруға уақыт таппайды. Әрине, мұны себеп деуге де келе қоймас, өйткені бұл көзі қаракты адамның бөріне мәлім. Қоғамымыздың рухани әлемінің жұтаңданып бара жатқаны да осыдан деп ойлайтынымыз рас. Осы мәселеге орай «Кітап неге оқылмайды?» деген сауалға жан-жақты жауап іздеп көрген едік. Алынған

жауаптан төмендегіше ой түйдік.

«Жастар кітап оқымайды» деп байбалам салғанша, әрекетке көшіп, асыл қазынамыздың қадір-қасиетін арттыруға өз үлесімізді қосуымыз керек. Оқырман мен кітап оқушы қоғамды қалыптастыру үшін ең алдымен ата-ана, мектеп, кітапханашы қызметі жоғары дәрежеде болуы керек. Әрине, сылтау мен себеп көп. Ал ол себептердің ар жағынан «кітаптың, әсіресе әдеби кітаптың оқылуы үшін не істеу керек?» деген қисынды сауал туындайды. Кітапханашылар «жас ұрпақты әдебиеттен тыс елендететін ақпарат түрі көп, қазақ тілінде балаларға арналған әдебиеттер тым аз» деп шырылдайды. Әр баланың жасына сай, тіліне жатық, безендірілуі көркем орыс тілінде басылған кітаптар сияқты, қазақ тіліндегі басылымдардың сапасы да осындай болуын өтінеді. Әр түрлі саладағы балаларға арналған ана тіліндегі энциклопедиялардың жоқтығы да алаңдатады.

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың келер ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген еді кезінде Ғабит Мүсірепов. Қанша жыл өтсе де, қанша буын алмасса да, кітап өз құндылығын еш жойған емес.

Қазақтың шұрайлы тілі қазақтың көркем әдебиетінде. Ал кез келген ұлттың әдебиеті мен тілі ең алдымен сол ұлттың өзіне керек. Қазіргі қазақ қоғамының алдында жас ұрпақты кітапқа, оның ішінде қазақ тілінде жазылған кітапқа баулу міндеті тұр. Осыны ескерген абзал ■

Абылайхан ЖҰМАШЕВ

«АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2017 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2017

Индекс	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
64540	6 айға	1747 теңге	1824 теңге
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	3494 теңге	3648 теңге
14540	6 айға	5393 теңге	5470 теңге
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға	10786 теңге	10940 теңге

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.



АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ

Мекенжайы:
Қарағанды қаласы,
Пичугин көшесі, 259-үй
Байланыс телефоны:
8(7212)47-50-69

Арқа Ақшамы
аймақтық қоғамдық-саяси газет
Айына 4 рет шығады
Меншік иесі:
«Кент» Баспа үйі» ЖШС
Директор:
Умуджан БЕКИМОВА
Директор орынбасары:
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:
Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ
Тілшілер қосынының жетекшісі:
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
Компьютер орталығының жетекшісі:
Алена МЕДВЕДЕВА
Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,
44/2; 312-кеңсе
Байланыс телефоны:
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34
Электронды пошта:
akshamy@mail.ru
Таралымы:
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.
Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй